



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІНІҢ СЫРТҚЫ САРАПШЫСЫНЫҢ САРАПШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Астана 2015

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ директорының 15.12.2015 №09-12-ОД бұйрығымен БЕКІТІЛГЕН

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІНІҢ СЫРТҚЫ САРАПШЫСЫНЫҢ САРАПШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЛЕР

Берілген Ереже Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (бұдан кейін - АРТА) білім беру мекемелерін және оқыту бағдарламаларын аккредиттеу процедурасын жүргізу саласындағы сыртқы сарапшыларға (бұдан кейін - сарапшы) ұсынатын негізгі біліктілік талаптары анықтайды. Ереже сарапшы ретіндегі жеке тұлға өкілеттілігін бекітуді, сарапшының өкілеттігін ұзарту/қысқартуды, сарапшылар Базасын жүргізу ережелерін, сонымен қатар, аккредиттеу барысында сараптау жүргізуге сарапшыларды іріктеу ережелерін регламенттейді.

Сыртқы сарапшының білім беру мекемесін аккредиттеу барысындағы қызметі Агенттіктің Сыртқы сараптауды ұйымдастыру және жүргізу туралы нұсқаулығына сәйкес іске асырылады.

Агенттіктің жұмысының маңызды принципіннің бірі құпиялылық болып табылады. Агенттікке келіп түсетін барлық ақпарат пен құжаттар құпия болып табылады және тек белгіленген мақсатта пайдаланылады, яғни білім беру мекемесін және/немесе оқу бағдарламасын бағалау және аккредиттеу мақсатында.

II. БІЛКІТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Сыртқы сараптауды жүргізу жоспарына сәйкес үміткерлерді іріктеу жүргізіледі. Бұл іріктеу мақсатты топқа бағытталған (студенттерге, жұмыс берушілерге және академиялық қоғамдастықтар өкілдеріне қойылған түрлі талаптар назарға алынады).

Сарапшылар – академиялық қауымдастықтың өкілдері, соның ішінде шетелдік сарапшылар, аккредиттеу агенттігімен тағайындалған болуы керек, немесе қызмет аясы білім немесе ғылыммен байланысты қоғамдастықтардың және кәсіптік органдардың, ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың мүддесіне өкілдік ету керек. Іріктеу критерийлері:

- 1. білім саласындағы жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес;*
- 2. ғылыми дәреженің және/немесе атақтың, педагогикалық жұмысшылар үшін бірінші немесе жоғарғы санаттың, немесе әкімшілік-басқару қызметкерлері үшін жетекші қызметіндегі жұмыс тәжірибесінің 3 жылдан кем емес болуы керек.*
- 3. 3 жылдан кем емес оқытушылық, ғылыми-зерттеушілік қызмет тәжірибесі;*

4. сарапталатын пәнге сәйкес қызмет профилі;

5. Агенттіктік семинар-тренинг аясында өтетін оқытуына немесе сәйкес шетел агенттіктері мен мекемелері оқытуларына қатысу.

Сарапшылар - жұмыс берушілер өкілдері кәсіби мекемелермен – түлектерді жұмысқа орналастыратын негізгі серіктестермен, профильдік тізімдемемен немесе жұмыс берушілердің бірлестігімен тағайындалған болуы керек.

Сарапшылар – студенттер өкілі (жоғарғы курс студенттері, магистранттар, PhD докторанттар) білім беру мекемелерімен, аккредиттеліп жатқаннан басқа, немесе студенттік ұйымдастықтар мен одақтармен тағайындалған болуы керек. Іріктеу критерийі - білім беру мекемесінің жетекшілігінің жағымды мінездемесі; жоғары білім саласындағы жақсы нормативтік-құқықтық базалық білім; Болон үрдісінің негізгі ережелерін жақсы білу, аккредиттеліп жатқан білім мекемесіне тиесілігінің болмауы.

Шетелдік сарапшылар – академиялық қоғамдастық өкілдері, сыртқы сараптама жүргізу барысында жұмысқа тартылады, Агенттіктің шетелдік сарапшылар мәліметтер базасына кіргізілген сарапшылар тізімінен ұсынылады. Мәліметтер базасына кіргізілу үшін басқа мемлекеттердің мойындалған аккредиттеу агенттіктерінің серіктес-агенттіктердің мінездемесі керек.

Сыртқы сарапшыларды іріктегенде олардың Агенттіктегі сыртқы сарапшылар комиссиясының (бұдан әрі - ССК) құрамында жұмыс істегендігі туралы пікір назарға алынады.

Сарапшы білуі керек:

- Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің өзекті нұсқасын, Еңбек Кодексін, 05.07.2008 жылғы № 61-IV «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» ҚР Заңын, әрекеттегі нормативтік-құқықтық актілерді және аккредиттеуді регламенттейтін үрдістерді;

- қызметтік ақпарат пен жеке деректермен жұмыс жасау тәсілдерін және әдістерін;

- аккредиттеудің түріне сәйкес оны өткізудің Агенттіктің стандарттары және нұсқаулығын;

- аккредиттеуге өтініш білдірген білім беру мекемелері және/немесе оқу бағдарламалары аккредиттеу үрдісі барысында стандарттарға сәйкестікті бағалауды жүргізу тәсілдерін;

- Аккредиттеу сараптамасы бойынша комиссия шешімінің рәсімделуіне және мазмұнына, сонымен қатар, білім беру мекемесін және/немесе оқыту бағдарламасын аккредиттік сараптау рәсімінің іске асырылуына дайындалатын құжаттарға қойылатын талаптарды.

Сарапшы жасай білуі керек:

- анализ жасау, ақпаратты жүйелеу және жинақтау;

- институционалды және мамандандырылған аккредиттеу бойынша білім беру мекемелерінің есебін және өзіндік есебін рецензиялау;

- сауалнама жүргізу және оның нәтижелерін өңдеу;

- сауалнама, интервью және басқа да ауызша және жазбаша тәсілдер арқылы ақпарат жинау;

- әртүрлі ресурстарды бағалау;
- комиссия қорытындысын және сараптама бойынша басқа да құжаттарды компьютерлік техника және ақпараттық технология құралдары арқылы рәсімдеу;
- ССК сапары нәтижесі туралы есепті қалыптастыру және рәсімдеу;
- аккредиттік сараптама жүргізу барысында басқа сарапшылармен, аккредиттік ұйымдармен, білім беру мекемелерімен әрекет ету;
- білім беру мекемелерінің оқу бағдарламаларына (соның ішінде оқу жоспары, жұмыстық оқу бағдарламасы, пәндер (модульдер) және оқушылардың тәрбиесін және олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін басқа метариалдарға, оқу жоспарының күнтізбесіне, оқу бағдарламасының дамуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдарға анализ жүргізу;
- білім беру мекемелерінің оқушыларының және түлектерінің дайындығының мемлекеттік білім стандарттары мен талаптарына сәйкестігін (сәйкессіздігін) орнату;

Сарапшы өзінің біліктілігінің дәрежесінің ҚР білім саласындағы заңдарындағы өзгерістерді ескергеніп, Агенттік қоятын талаптарына сәйкестігін, аккредиттік сараптауды жүргізудің формалары мен тәсілдерінің жетілуін, компьютерлік техника мен ақпараттық технологияның дамуын біліктілікті жоғарылату және өз бетімен білім алу арқылы қамтамасыз етуі керек.

Сарапшы Агенттік және/немесе басқа мекемелер жүргізетін семинарларға, конференцияларға және басқа да іс-шараларға қатысады.

III. САРАПШЫЛАРДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУЫ

Сарапшының этикалық кодексі (1 қосымша) білім сапасын бағалауда және оның дамуында жоғары нәтижеге жету мақсатында сарапшы ұстануы тиіс негізгі ережелерді бекітеді. Білім беру мекемесін/оқу бағдарламасын аудиттеуге қатысатын сарапшылардан жоғары этикалық стандарттарды сақтау талап етіледі: кәсіпқойлық, адалдық, бейтараптылық және әділдік. Соған байланысты Агенттіктің әр сарапшысы Кодексте жазылған барлық міндеттемелерді орындау жауапкершілігін алады.

1. Кәсіпқойлық

1.1. Сарапшы мамандарды дайындаудың бір бағытында кәсіпқой маман болуы керек.

1.2. Сарапшылық комиссия мүшелері бағаланатын бағдарламалардың көрсеткіштерінің Агенттік критерийлеріне сәйкестігін мұқият зерттеу арқылы аудит үрдісінің жоғары сапасын қамтамасыз ету жауапкершілігін алады.

1.3. Берілген Ереже және Агенттік талаптары бұзылған жағдайда сарапшылық комиссия мүшелері сарапшы сертификатының қызметінің жоққа шығару және Агенттіктің сарапшылар базасынан шығару жауапкершілігін алады.

2. Мүдделер қақтығысын шешу

Сарапшылық комиссиясы мүшелері бағалау үрдісінің дұрыстығына және сенімділігіне кедергі келтіретін әрекеттерге бармауы керек, соның ішінде:

2.1. Белгілі бір білім беру мекемесін аудиттеуге бекітілген сарапшы, тиесілік жағдайда, соның ішінде берілген білім беру мекемесімен қандай да бір жақын қарым-қатынаста болса, сол сарапшы мен Агенттіктің мүдделерінің қақтығысын болғызбау үшін Агенттікке айтуы қажет.

2.2. Сарапшының бағалауға қатысуына кедергі болатын себептер болуы мүмкін: берілген білім беру мекемесінде қазіргі уақытта немесе бұрынғы уақытта еңбек ету, білім беру мекемесін және/немесе оқу бағдарламасын аккредиттеу үрдісі бойынша консультациялық қызмет көрсету, бұрынғы немесе қазіргі уақыттағы жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы келіссөздер, аталған білім беру мекемесінде оқу, қаржылық қызығушылықтардың болуы.

2.3. Білім беру мекемесін және/немесе оқу бағдарламасын бағалауды жүргізуде сарапшылық комиссия мүшелері Агенттіктің қызуғышылығын асыра пайдаланатын жағдайларды туғызу мүмкін кездесулер мен шешеімдерден өз еркімен бас тартулары керек, сонымен қатар өздерінің жеке мүдделері мен аккредиттеудің мүдделерінің білім беру мекемесін және/немесе оқу бағдарламаларын сапасын бағалаудың дұрыстығына әсер ететін ашық және потенциалды қақтығысын Агенттікке айту керек.

2.4. Сарапшылық комиссия мүшелеріне білім беру мекемелерінен аудит нәтижесіне әсер етуі мүмкін ақшалай сыйақы немесе өзге де сыйлықтарды алуға қатаң тыйым салынады.

2.5. Сарапшылық комиссия мүшелері дайындықтың сапасының бағалануының дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында аудит үрдісінің тәуелсіздігін мекеме өкілдерінің ықпалынан сақтау қажет. Аккредиттеу үрдісі барысында сарапшылардың мақсаты – тәуелсіз аудит жүргізу және берілген ақпараттың толықтығын және растығын тексеру.

3. Құпиялылық

3.1. Сарапшылық комиссия мүшелері (комиссия төрағасы, сарапшылар және бақылаушылар) құпия ақпаратты жарияламау туралы міндеттеме алады.

3.2. Өзін-өзі тексеру материалдары және аудит кезінде алынған, сарапшылық комиссиясының есептік формасына енгізілген ақпарат, тек қана білім беру мекемесін және/немесе оқу бағдарламасын бағалау мақсатында ғана пайдаланыла алады және жеке пайда үшін қолданылмайды.

3.3. Алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге болмайды және білім беру мекемесі және Агенттіктің келісімінсіз жарияланбауы керек.

3.4. Сарапшылардың жұмыс құжаттары және сарапшылардың жазбалары Агенттіктің ішкі құжаттары болып табылады және таратылуға жатпайды. Құжаттардың, ережелердің мазмұны Агенттіктің зияткерлік меншігі болып табылады. Жұмыс құжаттарының, бағалау жазбаларының мазмұны және сарапшылардың пікірі білім беру мекемесі өкілдеріне айтылмайды.

3.5. Сарапшылық комиссиясының есебін дайындау білім беру өкілінің қатысуынсыз өтеді.

3.6. Аудит рәсімі басталар алдында сарапшылық комиссия мүшелері "Мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы АРТА сарапшысы өтініші" құжатына қол қояды және оны Агенттікке береді.

3.7. Аудит рәсімі аяқталғаннан кейін комиссия төрағасы, Агенттіктің бақылаушылары және білім беру мекемесі өкілі білім беру мекемесін және/немесе оқу бағдарламасын аккредиттеуге келтірілген сараптауға қатысқан сарапшылардың жұмысын, кәсіпқойлығын және этикалық тәртіптерін бағалау үшін пікір жазады.

The logo for ARТА is centered on the page. It consists of the letters 'ARТА' in a bold, sans-serif font. The letters are light purple. Above and below the text are two thick, light purple curved lines that form a semi-circle, framing the text.

Аккредиттеу бойынша сыртқы сарапшының этикалық нормалар КОДЕКСІ

Берілген кодекс Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің әр сыртқы сарапшысы үшін білім беру мекемелерінде сарапшылық қызметін іске асыруда міндетті ережелерді бекітеді..

Сыртқы сарапшының қызметі білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің толықтығын және дұрыстығын бағалауға, білім беру мекемесінің қызметінің сапасының сыртқы бағалауын / оқу бағдарламасының АРТА стандарттарына сәйкестігін сараптауға

Сарапшының қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі-АРТА).институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен критерийлеріне, ережелеріне, білім мекемелерін аккредиттеу бойынша нұсқаулықтарға сәйкес іске асырылады.

1. Сыртқы сарапшылық комиссия құрамына кірмес бұрын, сарапшы АРТА-ға оның комиссия жұмысына қатысуына кедергі жасайтын жағдайлардың болуын хабарлау қажет.

2. Білім мекемелерін және оқу бағдарламаларын сыртқы саралауды іске асыруда, сыртқы сарапшы оған АРТА табыстаған өкілеттікті шегінен асыратын әрекеттер жасамауы қажет.

3. Сарапшы сыртқы сарапшылық комиссия құрамында өз қызметін сапалы орындауға және белгіленген мерзім ішінде АРТА-ға өзін-өзі бағалаудың қорытындысының бағасының дұрыстығына кепілдік беріп, қорытынды есепке материалдар беру керек.

4. Сарапшы басқа да сыртқы сарапшылармен және аккредиттеліп жатқан білім мекемесінің қызметкерлерімен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас жасау керек, басқа сарапшылардың, сараптау өтіп жатқан білім мекемесі өкілдерінің ар-намысына тиетін сөздерді қолданбауы керек.

5. Сарапшы АРТА сыртқы сарапшылық комиссия жұмысы барысында алынған құпия ақпаратты жарияламауға міндетті.

6. Сарапшы АРТА іске асыратын аккредиттеу рәсіміне ғана қатысады. Сарапшы басқа аккредиттеу агенттіктерінің жұмыстарына қатысатын болса, АРТА-ның келісімі қажет.

7. Сарапшыға аккредиттеліп жатқан білім мекемесінен және басқа да тұлғалардан кез-келген формадағы сыйақы алуға тыйым салынады.

8. Сарапшы АРТА сарапшылары туралы жағымды қоғамдық пікірдің қалыптасуына тырысуы керек.

Берілген Кодекстің талаптарының бұзылуы сарапшымен қатынасты тоқтатуға әкеліп соғады. Берілген Кодекс көпшілікке қол жетімді және жария құжат болып табылады және аккредиттеу үрдісіне тартылған барлық сарапшылардың танысуын талап етеді.

Сыртқы сарапшы
танысты

Қолы

Т.А.Ә.

Күні: _____